

Аманқос Мектеп



Сағатбек Медеубекұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Патриот ғалым һәм ұстаз

Аманқос... этнолингвист... алаштанушы... түрктанушы... ұлттанушы... замансөзгер... ұстаз... Қазіргі қара танытындардың барлығы дерлік Аманқос дегенде осы анықтауыштарды алдымен атайды. Мен бұған Азамат, Патриот деген айкындамаларды да қосар едім.

Аманқос Мектептегі ... Қызық... Ұлттық Ғылым Академиясындағы Тіл білімі институтында қызмет істеп жүрген Аманқос осы аты-жөнді алғаш жария қылған жылдары ел аузында мынадай әзіл-шыны аралас әңгіме жүрген еді:

-Алло!

-Иә...

-Аманқос керек еді...

-Мектептегі ме!

-Жо-жоқ! Академиядағы...

Бәрі бір Аманқос өз ұстанымынан қайтқан жоқ. Тарихқа «Аманқос Мектептегі» деген ныспымен енді де кетті. Қазір халықтың көзі де құлағы да үйреніп алды. Ел осы ныспыны мойын-

дады, анығырақ айтсам, Аманқостың өзі мойындатты. Бір кездері «ов», ова» деген тіркесі бар фамилияға мақтанатындар ұлттандыру үдерісі қарқын алған шақта ата-анасынан айырылып қалатындай қорқақтаған. Ал Аманқос «Менің тегім – Мектеп бабам» деді де осы ныспыны ресми рәсімдеді. Бұл – оның мінезі, айтқанынан қайтпайтындығы, өз ұстанымына беріктігі. Осы мінезін ол ғылымда да үнемі танытып келеді.

Жас зерттеушінің зердесін таныған ұстаздары оған үлкен сенім артты. Әлі зерттелмей жатқан қазақ тарихындағы ақтандақтардың орнын ақиқи деректермен толтыру мақсатында Қазақ педагогикалық институтында аспирантураға түскен Аманқосқа төте жазуды бір кісідей оқи алатындықтан да «Айқап» журналының қоғамдық саяси лексикасы» деген тақырып ұсынылды. Аманқос, 1985 жылдары осы «Айқап» журналына қатысты мағлұматтарды, архивтік құжаттарды Қазан, Уфа, Астрахань қаларынан

іздеп тауып, жинады, саралады, сараптады. Талай шындыққа көз жеткізді. «Айқапқа» қатысты кандидаттық диссертациясы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты қорғалмай қалды. Өзінше тарихи іс тындырдым деп жүрген жас ғалымның салы суға кеткендей күй кешкен еді. Осы кезде қазақ қыздарынан шыққан тіл ғылымының алыбы Рәбиға апай Сыздықова аналық аялы алақанын тосып қайта серпілуіне ықпал жасады. Жариялылық, қайта құру саяси науқаны кезінде Алаш зиялыларын қайта ақтап алу ісі қолға алынды. Арнайы мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия алыста жатқан архив қорларын сүзіп шығу міндетін үлкен сеніммен Аманқосқа жүктеді. Осы міндетті арқалаған ол 1988-89 жылдары Мәскеудегі Ленин атындағы кітапхананың Арнайы қорында, Петербордағы Салтыков Щедрин атындағы кітапхананың Арнайы қорында, Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің мұрағатында айлап отырды. «Арнайы қор» деп аталатын бөлім шын мәнінде, ішкі және сыртқы саясаттағы қауіпсіздік үшін құрылған құжаттар мен кітаптардың «абактысы» еді. Сол «абактыларда» «тұтқында жатқан» тарихи құжаттар мен кітаптарға, Алаш зиялыларына байланысты ақиқаттарға толы мол мұраға кезікті де «алтын шыққан жерді белден қазып», қолы сүйел болғанша ақ қағазға көшіріп, (ол кезде ксерекс жоқ) арқалап Алматыға алып келді. Сөйтіп, Алаш зиялыларына қатысты алыста жатқан деректерді алғаш әкеліп ғылыми айналымға қосқан ғалым ретінде Аманқостың мәртебесі бұрынғыдан да асқақтады. Егер ұлтының келешегіне кемел ойларымен, қажырлы қайратымен басын бәйгеге тіге жүріп тарихи іс тындырған арыстарымыздың ерен еңбектері қайта тіріліп, қазақ қоғамының қажетіне жарап жатса, мұнда, сөз жоқ, Аманқостың да еңбегі зор екендігі шындық. Осы құжаттарға сүйене отырып, ол бір Ахмет Байтұрсыновқа қатысты қырықтан астам ғылыми мақала жазып, жарыққа шығарды. Ол жарыққа шығарған Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышпайұлы, Мұстафа Шоқай, Смағұлбек Гаспиринский, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхаметжан Сералин, Елдос Омаров, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтерге және басқа да тарихи тұлғаларға қатысы бар тарихи құжаттар тәуелсіз мемлекетіміздің ұлттық ұстыны мен тарихи тұғырының қайта бой көтеруі үдерісінде кәдеге асып жатыр. Аманқос қазір де бұл тұста да ол

өз ұлтының патриоты, азамат ғалымы санатында белсене еңбек етіп келеді.

Аманқос ізденістерінде Алаштың тарихи тамырын тереңдете тану арқылы ұлттың ғылыми танымын алға жылжытуға түрткі болған тағы бір ерекше бағыт бар. Ол- түрк әліпбиін насихаттау. Руна жазуларын тану бар да, оқу бар. Оқығаннан кейін оның табиғатын санаға сіңіру ерекше ғылыми зердені қажет етеді. Ұстаздары Ғұбайдолла Айдаров, Тайжан Досановтар ұсынған осы тақырып Аманқосты түрк жазуын танушы ғалым етіп елге танытты. Отарлаудың, ұлтсыздандырудың құйтырқы саясатын әшкерелейтін, тасада әдейі қалдырылған айғақтардың бірі – түрк халықтарына түгел ортақ әліпбиді бұзып, туысқан ұлттарды бірін бірі оқи алмастай ажыратып тастау рухани бөлшектеу мақсатымен әр қайсысына жеке-жеке әліпби түзу әрекеттерін дәлелдейтін деректер еді. Осыдан кейін ол түрк халықтарын бір арнаға қайта тоғыстыратын бағзы түрк әліпбиі үшін күреске шығуға мәжбүр болды. Аманқос бұл күресін әлі тоқтатқан жоқ. Осы күресінің қазіргі бір нәтижесі – республикамызда биыл мамыр айында «Түрк әліпбиін тану күнінің» тұңғыш рет тойланатындығы. Осы рунатану мәселелеріне келгенде Аманқос айтып жүрген шындыққа ғылыми орта әлі де терең мән беріп жатпаған сыңайлы. Зерттеушінің бұл тұрғыда айтып жүргендерінің мәні мынада: Руника – сапалық деңгейі биік, стратегиялық мәні мен маңызы үлкен, адамзаттың ақыл ойының өркениеттік тамырын танытатын басты құралдардың бірі. Осы жазудың болмысында адам дамуының эволюциясын танытатын барлық элементтер бар. Мұнда идеографиялық, пиктографиялық, буындық, әріптік, дыбыстық таным сатыларының жиынтығы қордаланған. Оның бір таңбасында бірнеше ақпарат жасырынып жатыр. Басқаша айтқанда, әр таңба – сан алуан ақпараттар қоймасының кілті. Мысалы, кәзіргі компьютердің бір түймесін басу арқылы сандаған ақпараттарды алуға болатыны секілді, руна жазуының бір таңбасын ашу арқылы да бабалар қалдырып кеткен көптеген мағұлыматтарды білуге болады. Адам алдымен виртуалды танымға қол жеткізген. Ол көру арқылы, көргенін танып, санасына сақтап қана қоймай ол туралы ұғым қалыптатыру нәтижесінде ойлау қабілетін жетілдірді. Егер біз руна жазуының осы құпиясын аша білсек, бұл бүгінгі бізге бимағұлым болып келе жатқан адам философиясына қатысты талай тарихи

бағзы шындықтарды білер едік. Аманқос ойдан шығарып айтып жүрген жоқ бұл қисындарды, ол әлем ғалымдарының руна, таңба тануға қатысты ойларын сана сүзгісінен неше жылдар бойы өткізіп барып ұсынып отыр. Еуропаның кей елінде мысалы, Венгрияда шекаралық аймақтардағы барлық жарнамалық атауларды осы руна таңбаларымен жаза бастады. Бұл мадьярлардың бағзы тамырын тануда алға жылжып кеткенін танытады. Аманқостың ұлтына, адамзатқа құлай берілген сүйіспеншілігінен туған азаматтық осы ұстанымына ден қоятын уақыт жеткен секілді.

Аманқостың қалың қазаққа журналист-замансөзгер ретінде етене танылуы ұлттық апталық «Ана тілі» газетінде еңбек еткен жылдары ерекше қарқынды болды. Қазақтың өшкені жанып, өлгені тіріліп, әлемдік кеңістіктегі өз орнын ала бастаған шақта әр азаматтың ұлттық намысын, азаматтық ар-ожданын оятып, жігерін жанып, санасын серпілтуге әр нөмірі сайын үлкен жауапкершілікпен еңбек еткен газет ұжымындағы Аманқостың да өз үлесі зор болатын. Ол 1990 жылы 22 науырыздан жарық көре бастаған газеттің іргесін қаласқан, керегесін керіп, уығын көтеруге бір кісідей атсалысқан қайраткер. Осы газетте Аманқос Мектептегінің журналистік қыры ашылды. Кеңестік журналистикадағы танымдық затындардың яғни материалдардың мазмұндық-пішіндік қасандығын бұзып, ғылыми мақалаларды оқырманға жеңіл қабылданатындай етіп жазуда, яғни мағлұматтарды, деректерді, сілтемелерді, сандарды, кестелерді оқушының ыңғайына қарай ойнатып беруде, жалықтырмайтындай етіп ұсынуда үлкен ізденістер танытты. Егер қазақ журналистикасындағы ғылыми стиль

жөнінде арнайы сөз болатын болса, сөз жоқ газетке арналған ғылыми мақалалардың тілі мен мәнеріне өзіндік өрнек қосқан Аманқостың есімі алдымен аталатындардың қатарында.

Ғалым, журналист, қайраткер Аманқос Мектептегі – университетімізде өзіндік орны бар ұстаз-азамат. Ұстаз болатын себебі ол ұлттың кез келген перзентіне бейжай қарай алмайды. Солардың болашағына алаң көңілмен бойындағы дарын-қабілетін ашуға барын салады. Студенттерді ұлтының болмысын ғылым мен білім негізінде тануға баулиды. Шәкірттерін ертіп тарихи жерлерге сапарға алып шығады. Келеннен соң көрген білгендерін жаздыртады. Газет шығартады. Кітапханалдарға ертіп барады, үйіндегі өз архивіндегі мұралармен таныстырады. Архивтерде жұмыс істеуді үйретеді. Әрине батпандап кірген санадағы отарлық идеология сіңірген психологияны, ұғымдар мен түсініктердің нанымдар мен сенімдерді мысқалдап шығару оңай емес. Бірақ ол өз ұстанымына берік.

Аманқостың Ақансері, Мұхтар, Нұржан есімді үш ұл, Жұлдыз атты бір қыз тәрбиелеп өсірген, Алла берген төрт немере бағып отырған үлгілі отағасы екенін де аса бір сүйіспеншілікпен айтқым келеді.

Иә, «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген Абай қағидасына берік Аманқостың адалдығында шек жоқ. Ол ешкімнің ала жібін аттамаған, құмырсқаға да қиянат жасамаған, жаны таза, ары пәк адам қалпымен алпыстың асқарына шықты. Бірақ оның әлпетіне, жүріс тұрысына, істеген істеріне қарап алпыс деген жасты бере алмайсың Өйткені ол- жан сарайы таптаза, сана сарасы мөп- мөлдір, бала көңілді, сәби пейілді адам.